

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингінің нәтижесі

Атырау қаласы, мкр. Геолог.

25.08.2023

### I. Кіріспе бөлімі

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы заңының 7-бабының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ қоғамның сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалауына қатысты ақпаратты жинау, өңдеу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі деп түсіндірілген.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау; персоналды басқару бөлімінің қызметі, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында дәрі-дәрмек және медициналық қызметтерді сатып алу рәсімдерінде сыбайлас жемқорлық жағдайларын алдын алу.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг: ШЖҚ КМК «Геолог емханасы» Атырау қаласы, с.Геолог Атырау Доссор тасжолы құрылыс 49, тел: 52-18-07
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізудің мерзімі: 2023 жылғы 14 тамыз басталды 2023 жылғы 24 тамыз аяқталды.
4. Бақыланған мерзім: 2023 жылғы 8 ай кезең бойынша қызметі (2023 жылдың 01 сәуірінен 2023 жылдың 13 тамызы айына дейін)

### II. Ақпараттық-анатикалық бөлімі:

Геолог емханасы халыққа амбулаториялық-емханалық көмек, медициналық-санитариялық алғашқы көмекті және консультациялық-диагностикалық көмекті көрсететін мекеме болып табылады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі бекітілді, атап айтқанда: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру; заң сараптамасын жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлық нормаларын анықтау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау; қаржылық бақылау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер; мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу.

Көрсетіліп жатқан медициналық қызмет барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті, персоналды басқару бөлімінің қызметі, мемлекеттік сатып алу, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында дәрі-дәрмек және медициналық қызметтерді сатып алу, фармацевтикалық компаниямен қарым қатынас мәселелері дәрі дәрмек формулярын қалыптастыру жүйесінде сертификаттау рәсімдерінде сыбайлас жемқорлық жағдайларын алдын алу бойынша тексерілді.

#### 1) Сыбайлас жемқорлық нормаларының заң сараптамасын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуге қатысты:

Жұмыс тобы бақылайтын кезеңде құрылымдық бөлімшелердің қызметін қозғайтын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау мәніне ішкі (жергілікті) құжаттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізді. Ішкі (жергілікті) құжаттар бойынша жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталмады.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерінің талаптарын мүлтіксіз сақтайды.

**2023 жылдың 8 ай бойынша мемлекеттік сатып алу бойынша ақпарат**  
**Мемлекеттік сатып алу**

Геолог емханасы 01.04-31.07.2023 аралығында мемлекеттік сатып алу веб-порталына 105 лот жылдық жоспарға толықтырылып, 52 312 246 теңге қаражат қосымша бекітілді. Қазіргі күнде мемлекеттік сатып веб-порталында 141 келісім-шарт жасакталды.

Геолог емханасы ағымдағы жылдың 12-ші сәуірде №9777681-1 қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша хабарландыру жариялаған.

Алайда, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті» РММ-нен 18.04.2023 жылы №231010000-ЗЦП-11-225669 «Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы» хабарлама келіп түсті. Хабарламада төменде көрсетілген заңбұзушылықтар анықталған:

- ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының(бұдан әрі - Заң) 38-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін бесжұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік сатып алу вебпорталында қазақ және орыс тілдеріндемынадай ақпаратты: 1) мемлекеттік сатып алу үшін бөлінген сомалардыкөрсете отырып, өткізілетін мемлекеттік сатыпалудың нысанасы болып табылатын тауарлардыңсаны, орындалатын жұмыстардың, көрсетілетінқызметтердің көлемі туралы; 2) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге ұлттық стандарттар, ал олар болмаған жағдайда, мемлекетаралық стандарттар көрсетіле отырып, сатып алынатынтауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетінқызметтердің қысқаша сипатталымын орналастыруға міндетті. Ұлттық және мемлекетаралық стандарттар болмаған кезде мемлекеттік сатып алуды нормалау ескерілеотырып, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің талапетілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдаланушылық сипаттамалары көрсетіледі. Бұл ретте сатып алынатын тауарлардың қысқаша сипатталымында өнім берушілерге қойылатын, берілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде,стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкескелетінін растайтын құжаттарды беру туралы талапқамтылуға тиіс; 3) тауарды беру, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орнын; 4) тауарды берудің, жұмыстарды орындаудың, қызметтерді көрсетудің талап етілетін мерзімдерін; 5) әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстарынұсынуды бастау және аяқтау мерзімі туралы; 6) техникалық өзіндік ерекшелігін көрсете отырып,мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасынорналастыруға міндетті. 1-тармақ. Ұйымдастырушы тарапынан, Заңның 38-бабының 1-тармағы сақталмай, мемлекеттік сатып алу веб-порталына орналастырылған техникалық ерекшелігінде қызметті көрсету мерзімінің, орнының көрсетілмегендігі анықталды.

Геолог емханасы емханасы ағымдағы жылдың 31-ші мамыр ЖК «Тельманова»-ға қосымша келісім-шарт жолдаған.

Алайда, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті» РММ-нен 08.06.2023 жыл № 231010000-ЗЦП-29-234300 «Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы» хабарлама келіп түсті. Хабарламада төменде көрсетілген заңбұзушылықтар анықталған:

- ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай-Заң) 45-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бірлігі үшін бағаның өзгермеуі талабымен сатып алынатын тауарлардың, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстарды қоспағанда, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлеміне қажеттіліктің азаюына не ұлғаюына байланысты мемлекеттік сатып алу туралы шарттың сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде жол беріледі. Көрсетілетін көлік қызметтерін, көрсетілетін байланыс қызметтерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың тамақтануын ұйымдастыруға байланысты тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді қоспағанда, тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен бойынша

бөлінген сома 2 421 000 теңгені құрайды. Негізгі шарт 1 900 000 теңгені құрайды. Үнемдеу сомасы 521 000 теңгені құрайды. Қосымша келісімге жасалатын сомасы 370 000 теңгені құрайды. Мекеме тарапынан, жасалатын қосымша келісімнің орындалатын жұмыстардың көлеміне қажеттіліктің ұлғаюына байланысты дәлелдеме құжаттарына орнына Тапсырыс беруші мен әлеуетті өнім берушінің «Тельманова Татьяна Васильевна» ЖК арасындағы сұрау, сұрауға жауабын және «Тельманова Татьяна Васильевна» ЖК-нің баға ұсынысын ұсынды. Алайда, ұсынған дәлелдеме құжаттарында ұлғаю туралы нақты дәлелдер көрсетілмеген. 1 тармақ. Заңның 45-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес қосымша келісімді негізсіз жасалғаны анықталды. Жоғарыда баяндалғанның негізінде, анықталған бұзушылықтар камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 3- қосымшасына сәйкес, атап айтқанда "хабарламаға сәйкес мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер енгізе отырып, Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасын кері қайтарып алу" жоюға жатады.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде анықталған бұзушылықтар жоюға жататындығы анық көрсетілген. Осыған орай, Геолог емханасы тарапынан анықталған бұзушылықтар жойылып, заң бұзушылықтар камералды бақылау нәтижесінде өз уақытында сапалы орындалды.

Бұл ретте, сатып алуды өткізуге жауапты мамандар қолданыстағы заңнамалық актілерлер нормаларының қатаң сақталуын және тиісті заңнамалық актіге енгізілген өзгерістерді жіті қадағалап отыруы тиіс.

## **2)Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысты:**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі әрбір субъектінің міндеті болып табылады. Заңның 9-бабының 4- тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша ақпараттық және ұйымдастыру қызметі түсіндіру жұмыстарын жүргізу жолымен іске асырылады. Төзбеушілік көзқарасын сыбайлас жемқорлыққа болуы тиіс азаматтық ұстанымы бар әрбір қызметкер, сондай-ақ адалдық кеңейді.

Персоналды басқару оның ішінде кадрлардың ауысуы:

2023 жылы емхананың штаттық саны-326,25 бірлік

Дәрігерлер –77

Орта буын қызметкерлері –162

Кіші буын медицина қызметкерлері-18,5

Басқа да қызметкерлер саны-68,75

Бос орындар: Жалпы тәжірибе дәрігері-4 бірлік, мейірбике-1.

Геолог емханасы бойынша 2023 жылдың 08 ай есебі бойынша жұмысқа қабылданғандар саны –35 жұмыстан босатылғандар саны-28

Бос ваканттық орындар бойынша қабылдау еңбек.кз порталы арқылы қабылданады.

Геолог емханасы штаттық кестесінде көзделген барлық лауазымдарға лауазымдық нұсқаулықтар әзірленіп, енгізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша лауазымдық нұсқаулықтарда қызметкерлердің лауазымдық міндеттері мен құқықтары айқын белгіленген және лауазымдық нұсқаулықтардың ережелері жасакталған.

## **3)Сыбайлас жемқорлық шектеулеріне қатысты:**

Заңның 12-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер – бұл заңда белгіленген және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шектеулер, соның негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарының, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;

3) ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты мүліктік және

мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында пайдалануға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттігін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдау болып табылады.

Жоғарыда айтылған шектеулерді бұзу фактірлері анықталған жоқ.

#### **4) Мүдделер қақтығысына байланысты:**

Заңның 15-бабына сәйкес мүдделер қақтығысы - Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға, лауазымды адамдарға, егер мүдделер қақтығысы орын алған болса, лауазымдық міндеттерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

Мүдделер қақтығысы анықталмады.

Мониторинг нәтижесі Геолог емханасында мүдделер қақтығысын реттеу медициналық этика деонтология ережелерімен және өзге де ішкі құжаттарымен регламенттелгені анықталды. Қызметкерлердің ішкі корпоративтік қарым-қатынастардың этикалық нормаларын, әлеуметтік жауапкершілікті, этика деонтология ережелері сақтау мақсатында Этика Кодексі енгізілген. Аталған Этика ережелердің мақсаты корпоративтік құндылықтарын анықтау болып табылады, оларды орындау емхана қызметкерлерінің іскерлік мінез-құлқын анықтайтын және қоғамның беделін, оның бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін қалыптастыратын негізгі этикалық құндылықтарға бейілділігін көрсетеді.

Сонымен қатар іскерлік әдеп «Этикалық Кодексі» ережелері әрбір қызметкер үшін қолжетімді құжат және жаңадан қабылданған қызметкерлерімен танысу үшін міндетті болып табылады. Көпшілік, қолжетімді жерде «Сенім телефоны» жеке және заңды тұлғалардың хаттары мен өтініштеріне арналған жәшік орнатылған. Сонымен қатар бұйрықпен жауапты тұлға бекітілген.

Талдау барысында емхана қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылық әрекеті тіркелмегендігі және лауазымды тұлғалардың әрекетіне шағым түспегендігі анықталды. Себепсіз жұмыстан босатулар болған жоқ. Сотталған қызметкерлер жоқ. Барлық қызметкерлер біліктілік талаптарына сай. Медицина қызметкерлерінің мамандығы бойынша медициналық қызметті жүзеге асыру және клиникалық практикаға жіберу үшін маман сертификаттарымен қамтамасыз етілген.

#### **Консультативтік диагностикалық бөлімі бойынша**

Консультативтік диагностикалық бөлімде бейінді мамандар қызмет атқарады. Оның ішінде -дәрігер, бейінді медбике. (стоматолог, невропатолог, невропатолог балалар, хирург, хирург балалар, травматолог-ортопед, уролог, реабилитолог, реабилитолог балалар, УДЗ дәрігері, эндокринолог, балалар эндокринолог балалар, онколог, акушер гинеколог, кардиолог, офтальмолог, оториноларинголог, инфекционист, рентгенолог т.б.) КДБ бойынша көрсетілетін медициналық қызметтер:

1. тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша медициналық қызметтер;
2. ақылы медициналық қызметтер;
3. міндетті медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық қызметтер көрсетіледі.

КДБ диагноз қою, емдеу тактикасын анықтау және емдеуге жатқызу, емдеу әдістері мен шағын операция жасау туралы мәселені шешуге көмек көрсету арқылы мамандық бойынша ересектерге және балаларға консультациялық, амбулаториялық-емханалық медициналық көмек көрсетіледі, сондай-ақ, зертханалық, сәулелік, функционалдық, ультрадыбыстық және диагностиканың басқа да түрлері жүргізіледі. КДБ тұрғындарға халықаралық стандарт деңгейінде медициналық көмек көрсету үшін заманауи емдеу-диагностикалық жабдықтармен жабдықталған. Ауруханаға портал арқылы жатқызуды шешу міндетті түрде медициналық көрсеткішкерге бойынша тағайындалады. Науқасты денсаулық сақтау мекемелерінің клиникалық хаттамаларына сәйкес, жасақталған тізім бойынша жіберіледі. Мүгедекті тағайындау еңбекке жарамсыздық парақшасын негізсіз ашу бойынша мәліметтер анықталмады. КДБ мамандары бекітілген жұмыс кестесі бойынша қызмет атқарады. КДБ бойынша сыбайлас жемқорлық құқықтық бұзушылық жасаған тұлғалар анықталған жоқ.

## Мемлекеттік қызметтер бойынша ақпарат.

- 1) Алғашқы медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркеу-5120, e-gov арқылы -3437;
- 2) Дәрігер қабылдауына жазылу- 216778
- 3) Дәрігерді үйге шақырту-24166
- 4) Медициналық санитарлық алғашқы көмек көрсететін ұйымнан анықтама беру-3184
- 5) Медициналық санитарлық алғашқы көмек көрсететін ұйымнан еңбекке жарамсыздық парағын беру-7048
- 6) Медициналық санитарлық алғашқы көмек көрсететін ұйымнан еңбекке жарамсыздық анықтамасын беру-4087
- 7) Қайтыс болғаннан кейінгі тіндерді тіннің бөлігін және ағзаларды ағзалардың бөлігін транспланттау мақсатында олардың біліктілігін арттыру-0
- 8) Денсаулық сақтау саласының кадрларын даярлықтан өткізу олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы құжаттарды беру-84
- 9) Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру-2967
- 10) Мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша мекемелеріңізде өткен іс шаралар семинарлар-16
- 11) Алдын ала міндетті медициналық қарап тексеруден өту-2591
- 12) Жедел медициналық көмек көрсету-5749
- 13) Емделуге жатқызу бюросы порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерге стационарға емделуге жатқызуға жолдама беру-4967
- 14) Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы анықтама беру-86
- 15) Азаматтардың жекелеген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді , медициналық бұйымдарды беру-17517

Санаторлық курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру-332 қызмет көрсетілді.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің уақытынан кешіктіріліп орындаған мемлекеттік қызметтер орын алған жоқ.

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020ж 18.11. №ҚР ДСМ-198/2020 «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын және анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы бойынша 1991 жылы туылған азамат Ж.А. денсаулығына байланысты Геолог емханасынан 2023 жылдың тамыздың 11-15 аралығында БД №5789374 еңбекке жарамсыздық парағы берілген.

Еңбекке жарамсыздық парағын берген медицина қызметкері фельдшер К.Ж. аталған еңбекке жарамсыздық парағын негізсіз берілген. Себебі: Науқас «Тіркелген халық тіркелімі» порталы бойынша Махамбет аудандық ауруханасында тіркелген. Еңбекке жарамсыздық парағы тіркелген мекен-жайы бойынша берілуі тиіс. Алайда, науқастың жұмыс орнының қала аумағында орналасуына орай, жақын жерде орналасқан медициналық мекемеге қаралғанның өзінде, тек қана 3 күнге ашылып, одан әрі жұмысының дәрігеріне жіберілуі тиіс. Науқас 3 күннен соң емханаға келмесе де, еңбекке жарамсыздық парағы одан әрі 2 күнге ұзартылып және жабылған.

### **Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқықтық бұзушылыққа қатысты:**

Заңның 1-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

Геолог емханасы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты:

Геолог емханасы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін зерделеді. Мониторинг нәтижелері бойынша қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты «Сенім телефоны» арқылы арыз-шағымдар азаматтарды қабылдау журналына қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысты өтініштер түскен жоқ.

### III. Қорытынды бөлімі

#### Қорытынды:

Жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелерін басшылыққа ала отырып, сондай-ақ Геолог емханасы бойынша сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік жағдайын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және алдын алу мақсатында :

- 1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, прокуратураның, құқық қорғау органдарының, қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарта отырып, емхана қызметкерлері арасында семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыруды;
- 2) Емхана қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуді ұсынады.
- 3) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын жауапты мамандардың белгілі бір реттеуші заңдарға өзгерістер енуімен байланысты біліктілігін арттырып отыру және мемлекеттік сатып алуға жауапты мамандарды салалас мемлекеттік мекемелердің тиісті бөлімдеріне тағылымдамадан өтіп, тәжірибе алмасуға жіберіп отыру. (мерзімі - жоспарға сәйкес)

#### Жұмыс тобы құрамы:

Жумабаев Т.Т.- экономикалық және әкімшілік-шаруашылықты қамтамасыз ету жөніндегі директордың орынбасары, комиссия төрағасы. *Т.Т. Жумабаев*

Туралиева Б.А.-заңгер, комиссия мүшесі; *Б.А. Туралиева*

Ботанова Г.А.-отбасы денсаулық орталығының меңгерушісі, комиссия мүшесі; *Г.А. Ботанова*

Джаксылыкова Д.К.-Консультативтік диагностикалық бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі; *Д.К. Джаксылыкова*

Есенғалиева А.Т.-Ұйымдастыру және методикалық бөлімінің меңгерушісі, комиссия мүшесі. *А.Т. Есенғалиева*